

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 шілдедегі N 1026 Қаулысы. Ескерту. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 тамыздағы № 502 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.08.2018 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., N 23, 288-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қесіби даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру ережесі";

көрсетілген қаулымен бекітілген Табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды қесіби даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесінде :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кесіби даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру ережесі";

бүкіл мәтіндегі "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарды", "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдардың", "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандар және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдар", "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарға және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарға" деген сөздерден кейін ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді", ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлердің", ", толық емес жұмыс

уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлер", ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерге" деген сөздермен толықтырылсын; кіріспеде:

"арттыруды ұйымдастыру мен қаржыландырудың" деген сөздер "арттыру" деген сөзben ауыстырылсын;

"айналысатын адамдарды" деген сөздерден кейін ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді," деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарды, өндірісті ұйымдастырудағы, оның ішінде қайта ұйымдастыру кезіндегі өзгеріске және (немесе) жұмыс берушіде жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді (бұдан әрі - толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлер), сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру әлеуметтік қорғау шарасы болып табылады және олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.";

2-тармақта:

- 1) тармақшадағы "(бастапқы кәсіби білім беру)" деген сөздер алып тасталсын;
- 2) тармақшадағы "(қайта оқыту)" деген сөздер алып тасталсын;
- 3) тармақшадағы "(қосымша білім беру)" деген сөздер алып тасталсын;

2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру мен жүргізу";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды қаржыландыру";

16-тармақтың екінші абзацындағы "бастапқы кәсіптік" деген сөздер алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесінде:

15-тармақтан басқа, бүкіл мәтіндегі "жұмыссыздар", "жұмыссыздарға", "жұмыссыздарды", "жұмыссыздардың", "жұмыссыз" деген сөздерден кейін ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлер", ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерге", ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерді", ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлердің", ", толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкер" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта "жұмыссыздарға" деген сөзден кейін ", сондай-ақ өндірісті үйымдастырудағы, оның ішінде қайта үйымдастыру кезіндегі өзгеріске және (немесе) жұмыс берушіде жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерге (бұдан әрі - толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлер)" деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақ "(өтініш берген)" деген сөздермен толықтырылсын;

16-тармақта "жұмыссыз" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жұмыс уақытының толық емес режимімен жұмыс істейтін қызметкер" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының 1-тармагының алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші және жиырма алтыншы абзацтары 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК